



ТУРАЛЫ- ҚАЗАЛЫ

№101
(2376)
Сенбі

20 желтоқсан
2025 жыл
Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АЛМАСБЕК ЕСМАХАНОВ: ЖЫЛДЫ ЖОҒАРЫ КӨРСЕТКІШТЕРМЕН ҚОРТЫНДЫЛАУЫМЫЗ ҚАЖЕТ

Аудан әкімі Алмасбек Есмахановтың төрағалығымен өткен мәжілісте 2025 жылғы қаңтар-қараша айларындағы ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы және бюджеттің атқарылу қортындылары қаралды.

Аудан басшысы тиісті сала басшыларымен бірге күн тәртібіндегі мәселелерді кеңінен талқылап, жауаптыларға нақты тапсырмалар жүктеді.

Биыл 11 айдың қортындысымен ауданда негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша оң динамика қалыптасып, экономикалық өсім қамтамасыз етілді. Өнеркәсіп өнімінің көлемі 114,1, өңдеуші өнеркәсіп көлемі 114,4, ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 103,6, бөлшек сауда айналымы 101,1, инвестициялар тарту 109,2, құрылыс жұмыстары көлемі 127,3 және пайдалануға берілген тұрғын үйлер көлемі 110,5 пайызды



құрады.

Жиында аудан әкімі кейбір көрсеткіштерді әлде де көтеру бағытында жұмыстарды жандандырып, жыл қортындысымен барлық экономикалық көрсеткіштердің қарқынды өсім динамикасын қамтамасыз


етіп, нақты шаралар қабылдап, және жылды жоғары көрсеткіштермен қортындылау жөнінде жауаптыларға нақты тапсырмалар жүктеді.

Мәжілісте су тасқынының алдын алу және Сырдария өзенінің қорғаныс бөгеттерінің жай-

күйі мәселесі де қаралды. Бұл жөнінде аудан басшысы тиісті сала басшыларына бөгеттердің қауіпсіздігін тағы бір пысықтап, қауіпті аумақтарды жіті бақылауда ұстауды және алдын алу шараларын уақытылы ұйымдастыруды тапсырды. Сонымен қатар, тұрғындар қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында төтенше жағдайлар бөлімімен тығыз жұмыс жүргізу қажеттігін ескертті. Сондай-ақ, алдағы уақытта аудан аумағындағы Сырдария өзенінің бойындағы қауіпті иіндерді ара-лап көретінін жеткізді.

Жиында күзгі мерзімді әскерге шақыруды сапалы ұйымдастыру мен аудан орталығы мен елді мекендердің тазалық жұмыстарындағы кемшіліктерді сынға алып, апта мерзімі ішінде аталған кемшіліктерді қайта қалпына келтіру жөнінде жауаптыларға жүйелі жұмыс атқаруды тапсырды.

ТЕМІРЖОЛ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ БАСШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ



Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосып келе жатқан аудандағы теміржол мекемелерінің басшыларымен кездесті.

Ғасырдан астам тарихы бар Қазалы теміржол мекемелерінің бүгінгі тынысы жыл санап жақсарып келеді.

Жиында аудан басшысы мекеме басшыларымен бірге тоғыз жолдың торабында

орналасқан, әр тараптан келген жолаушыларды тоғыстыратын ауданның бас қақпасы мен барлық теміржол мекемелерінің аумағындағы тазалық мәселесін қолға алу, ұжымдағы тұрақтылық пен бірлікті сақтау, еңбек

қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіп пен жауапкершілікке мән беру бағытындағы өзекті мәселелерді талқылады.

-Қазіргі таңда ауданда теміржол саласы бойынша 15-тен аса мекемелер мен кәсіпорындары жұмыс істейді. Өңдеу өнеркәсібінің басым бөлігі осы теміржол мекемелерінің еншісінде. Теміржол саласының қызметкерлерімен бірлесіп жұмыс істеудің арқасында оң нәтижелерге қол жеткізіп келеміз. Биыл ауданның теміржол саласында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының қолдауымен 120 жылдық тарихы бар Қазалы теміржол вокзалына қайта жаңғырту жұмыстары және теміржол үстінен өтетін жаяу жүргіншілерге

арналған көпір қайта салынуда. Аудан орталығы – Әйтеке би кентіндегі оңтүстік және солтүстік беткейдегі теміржол өткелдері де жөндеуден өтуде. Жергілікті бюджет есебінен вокзал аумағын абаттандыру жұмыстары да қарқынды жүруде. Бас қақпамыз саналатын теміржол вокзалының жаңа кейіпке енуі жолаушыларға жайлы жағдай жасап, ауданның инфрақұрылымдық дамуына тың серпін бермек, - деді аудан басшысы.

Жиында мекемелер мен кәсіпорындары басшылары да өз ұсыныстарын ортаға салып, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы бағытында бірлесе жұмыс атқаратындықтарын жеткізді.

**Қазалы ауданы
әкімдігінің баспасөз
қызметі**

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ ҚАФИДАТЫ

Мекеменің Заң консультанты ретінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, этикалық нормаларды сақтау және мемлекеттік қызметте ашықтық пен әділдікті қамтамасыз ету – күнделікті жұмыстың маңызды бөлігі екенін атап өткім келеді. Сыбайлас жемқорлық кез келген ұйымның дамуына кедергі келтіретін, мемлекеттік басқару жүйесіне нұқсан тигізетін ең күрделі құқық бұзушылықтардың бірі болып табылады.

Сыбайлас жемқорлықтың құқықтық мәні.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың негізгі бағыттарын айқындайды. Заңда:

- пара алу және пара беру,
- қызметтік өкілеттіктерді жеке пайдасына пайдалану,
- бюджет қаражатын

мақсатсыз жұмсау,

- туыстық не өзге байланыстарды пайдаланып артықшылық беру сияқты әрекеттер нақты құқық бұзушылық ретінде көрсетілген.

Аталған әрекеттер тек тәртіптік немесе әкімшілік жауаптылыққа ғана емес, ауыр жағдайларда қылмыстық жауаптылыққа әкелетінін атап өткен жөн.

Мемлекеттік қызметші үшін талаптар.

Мемлекеттік қызметтің абыройын сақтау – әрбір қызметшінің міндеті. Этикалық кодекс талаптарына сәйкес:

- қызметші азаматтарға әділ және бейтарап қызмет көрсетуге;
- жеке басының мүддесін қызметтік міндеттермен араластырмауға;
- сыйлық, материалдық игілік немесе қызмет көрсету түріндегі артықшылықтарды

қабылдамауға;

- қызметтік ақпаратты жеке мақсатта пайдаланбауға;
- мүдделер қақтығысына жол бермеуге тиіс.

Бұл талаптарды бұзу – заң бұзушылық болып есептеледі және тиісті шаралар қолданылады.

Мекемеде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары.

Мекемемізде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында тұрақты түрде:

- құқықтық түсіндіру жұмыстары;
- ішкі бақылау шаралары;
- қ ы з м е т к е р л е р г е арналған этика және мүдделер қақтығысы жөніндегі нұсқаулықтар;
- мемлекеттік қызмет көрсетуді цифрландыру және рәсімдердің ашықтығын арттыру;
- кемшіліктерді анықтау

бойынша ішкі аудит іс-шаралары жүзеге асырылып келеді.

Сонымен қатар, азаматтардың өтініштерін қарау тәртібі толықтай заң аясында жүргізіледі, барлық рәсімдердің ашықтығы қамтамасыз етіледі.

Азаматтарға үндеу.

Құрметті тұрғындар!

Егер сізден заңсыз талап қойылса немесе сыбайлас жемқорлықтың кез келген белгісі байқалса, құзырлы органдарға жедел хабарлауыңызды сұраймыз. Әрбір дерек мұқият тексеріледі және заң аясында шара қолданылады. Сіздің белсенді ұстанымыңыз – әділ қоғам құруға қосқан үлесіңіз.

Нұрислам КАЛДЫБАЙ,
Қазалы орман және жануарлар дүниесін қорғау мемлекеттік КММ мекемесінің заң консультанты

ДҮКЕНГЕ ШАҒЫМДЫ ҚАЛАЙ ДҰРЫС ЖАЗУ КЕРЕК

Ең алдымен дүкенге арыз жазу керек, ең бастысы дұрыс жазу керек!

Кейде дүкеннен тауар алған кезде оның сапасыз болып шыққанын үйге келген соң ғана байқаймыз. Мұндай жағдайда не істеу керек? Ең алдымен дүкенге арыз жазу керек, ең бастысы дұрыс жазу керек! Бұл мақалада біз сізге қалай дұрыс жазу керектігін және шағымға нені енгізу керектігін айтамыз. Шағым әрқашан кез келген нысанда жазылатынынан бастайық, бірақ соған қарамастан ол мынаны көрсетуі керек:

- сатып алу күні;
- өнім атауы;
- сериялық нөмірі;
- бренд;
- шағым жазылған күн және, әрине, стенограммамен сіздің қолыңыз.

КАК ПРАВИЛЬНО НАПИСАТЬ ПРЕТЕНЗИЮ В МАГАЗИН

Первым делом, вам нужно написать претензию в магазин, а самое главное написать ее правильно!

Порой покупая товар в магазине, только по прибытию домой мы замечаем, что он оказался некачественным. Как же поступить в такой ситуации? Первым делом, вам нужно написать претензию в магазин, а самое главное написать ее правильно! В этой статье мы расскажем вам как правильно написать и что обязательно нужно указать в претензии. Начнем с того, что претензия всегда пишется в произвольной форме, но несмотря на это в ней должны быть указаны:

- дата покупки;
- название товара;
- серийный номер;
- марка;

Шағымның өзінде сіз өзіңіздің өніміңіздің нақты ақаулығын көрсетіп, өз талаптарыңыз туралы жазуыңыз керек - өнімді айырбастағыңыз келе ме, әлде ола үшін төленген ақшаны қайтарасыз ба.

Барлығын дұрыс жазғаныңызды тексергеннен кейін екінші көшірмені жазуды бастаңыз! Олардың біреуін өзіңізге қ а л д ы р а т ы н ы ң ы з д ы және екіншісін дүкен әкімшісіне немесе уәкілетті қызметкерге беретініңізді ұмытпаңыз. Сіздің көшірмеңізде шағымның қабылданған күні және оны қабылдаған адамның қолы болуы керек екенін ескеріңіз!

Егер дүкен сіздің шағымыңызды қабылдаудан бас тартса, сіз келесі әрекеттерді орындай ала-

- дата написания претензии и конечно же ваша подпись с расшифровкой.

В самой претензии вам нужно указать конкретную неисправность вашего товара и написать о своих требованиях — хотите ли вы обменять товар или же вернуть оплаченные за него деньги.

Проверив, все ли вы написали правильно, приступайте к написанию второго экземпляра! Не забывайте о том, что один из них вы оставите себе, а другой отдадите администратору магазина или уполномоченному сотруднику. Обратите внимание на то, что на вашем экземпляре обязательно должна быть дата приема претензии и подпись лица, которое ее приняло!

В случае, если в магазине отказываются принимать вашу претензию, вы можете посту-

пить следующим образом: обратиться в ближайшее почтовое отделение и отправить один экземпляр претензии письмом с описью в адрес магазина, а у себя оставить опись почтового отправления и почтовую квитанцию. Ведь в случае чего, эти документы будут являться доказательством того факта, что вы обратились с претензией в магазин в положенный срок.

Если вы получили некачественный товар или услугу, не молчите, всегда говорите об этом. Отстаивайте свои права, закон на вашей стороне!

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Қызылорда облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті

путь следующим образом: обратиться в ближайшее почтовое отделение и отправить один экземпляр претензии письмом с описью в адрес магазина, а у себя оставить опись почтового отправления и почтовую квитанцию. Ведь в случае чего, эти документы будут являться доказательством того факта, что вы обратились с претензией в магазин в положенный срок.

Если вы получили некачественный товар или услугу, не молчите, всегда говорите об этом. Отстаивайте свои права, закон на вашей стороне!

Ргу «департамент торговли и защиты прав потребителей Министерства торговли и интеграции республики казахстан по кызылординской области»

ҚҰЖАТТАРДЫҢ ЖҮЙЕЛІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

«Қазалы аудандық архиві» филиалы ұжымының ұйымдастыруымен «Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2025 жылғы 17 маусымдағы №279-НҚ бұйрығымен бекітілген тізбеге сәйкес «Істер номенклатурасын әзірлеу» тақырыбында семинар өткізілді.

Семинарға ауылдық округтердің құжаттарға жауапты мамандары қатыстырылды.

Жиында Қазалы аудандық архиві филиалының мамандары мекемеде түзілетін құжаттардың жүйелілігі және сақталу мерзімдеріне сәйкес істер номенклатурасын әзірлеуді слайд арқылы кеңінен түсіндірді.

Тізбенің өзгеруіне сәйкес құжаттардың жүйелілігі мен сақталу мерзімдерін қайта жасақтап, істер номенклатурасын құжат айналымына сәйкес етіп жасау әр мекеменің құжаттарының толықтығы мен тарихының толық құрамда сақталуына тікелей әсер ететіні анық.

Семинарға қатысушы «Аранды» ауылдық округінің бас маманы Алиева Ақмарал бұрынғы әзірленген істер номенклатурасын толық қарап шыққандығын, тізбенің өзгеруіне байланысты қайта жасақтап жатқандығын, құжаттардың сақталу мерзімдеріне аса мән беріліп отырғандығын атап өтті.

Жиынға қатысушылар құжаттарға қатысты түрлі сауалдарын қойып, ұтымды жауаптарын алды.

Алдағы уақытта құжаттардың жүйелілігін қалыптастырып, толық құрамда сақталуына жұмыла жұмыстар атқарылатындығын тілге тиек етті.

Семинарда құжаттарға жауапты мамандар семинарды ұйымдастырушы Қазалы аудандық архиві филиалының мамандарына ризашылығын білдірді.

Абай ОРАҚБАЕВ,
«Қазалы аудандық архиві» филиалының II-санатты архивисті

БІЗДЕР – №25 ОРТА МЕКТЕПТІҢ ТҮЛЕКТЕРІМІЗ

Біздер 1969 жылғы мектеп түлектері Сырдария өзенінің арғы бетіндегі байырғы оқу орындарының бірегейі №25 орта мектепті бітірдік. Байырғы мектеп дейініміздің себебі оқу орны 1947 жылы Максим Горький атындағы №25 орта мектеп болып ашылған. 1958 жылы колхоздарды ірілендіруге байланысты М.Горький, «Социализм», Жданов атындағы колхоздары біріктіріліп, орталығы Жданов атындағы колхоз аталғандықтан №25 орта мектеп «Аранды» елді мекеніне көшіріледі. Мектеп атауы Жданов атындағы болып өзгертілді. Аталған мектепке 1948-1949 жылдары Мүлкібаев, 1949-1953 жылдары Жәрмедет Хайруллаев, 1953-1959 жылдары Қожабай Бекішов жетекшілік еткен. Біздер Қожабай Бекішов ағайымыздың директорлық қызметінің соңғы жылында мектеп есігін ашып, сынып партасына отырдық. Шағын ауылдың 1952-1953 жылы дүниеге келген перзенттері «А», «Б» сыныбына бөлініп, білім «құдығынан» су ішіп дегендей, әріп элементтерін қағазға түсіріп, сандарды санамалауды үйрене бастадық. Бастауыш сыныпта біздерге Дербісәлі Дәленов, Әлімжан Махамбетияров есімді ағайлар сабақ берді. Екеуі де қатал-ды. Сабақ оқымағандарды күшпен сабасына түсіріп, көз жасын мөлтілдетіп қоятын. Соны ойлағанда кітап бетін ашпай сабаққа баруға жүрек дауаламайтын. Қайта баратын есігінді қатты жаппаның кері. Қатал ағайларымыздың «қақпанына» түскен алғашқылар: Қалмырза Нұртазаев, Қарлығаш Нұртазаева, Марал Мәменова, Алтыншаш Шамшаева, Базаралы Бөріқұлақов, Үрімкүл Бақытқызы, Айнаш Сүйегенова, Сәнімкүл Тойбазарова, Якия Есалиев Нұртуған Елкеев, Қанжар Құдайбергенов, Роза Әлімжанова, Айдынғали Дәулетбаев, Өмірзақ Жәдиев, Әнес Дидаров, Сақып Хамзаева, Балтабай Өтжанов, Садық Өтебадиев, Жеткерген Бозғұланов, Айжамал Сембиева, Мариямкүл Ниязымбетова, Аралбай Қалданов, Роза Рзағазиева, Қазыбек Аймағамбетов, Ерғазы Қазиев және мен болдым. Бастауыш сыныптан кейін қатарымызға Қожабақы аулынан келіп, Айберген Жәлиев, Жарқынбай Сердалиев, Әзи Базарбаев қосылды.

1963 жылы Жданов, Жанкент, Энгельс атындағы колхоздардың негізінде Энгельс атындағы совхоз құрылды. Осыған орай №25 орта мектеп, «Аранды» аулынан совхоз орталығы –Қожабақы аулына көшірілді. Осы кезде біздің сыныптастарымыздың қатарына «Өркендеу», «Бірлік», Қожабақы ауылдарынан Әбуша Пірімжаров, Рахмет Қарасаев, Күлшат Қаюпова,

Зейнегүл Әлішева, Назымкүл Жұмабаева, Шәмшат Ербозова, Толықбол Аманов, Ақзия Нәшенова, Ұлбосын Махамбетиярова, Өтеп Нұртазаев, Тамара Айдосова, Сағира Кемалова, Жеткербай Мәдірейімов, Дәмеш Байтөреева, Ұрпатша Әуезова, Гүлнәр Қолқанатова қосылып, жоғары кластардағы сабағымызды жалғастырдық.

Оқушылық, бозбалалық өміріміздің қызықты күндері артта көмескіленіп қалғанымен есте сақтар сәттері әлі көз алдымызда. Біздер сыныптастар тату болдық. Сыйластық, сырластық. Достық қарым-қатынасты болып бір –бірімізді ренжіткен сәттеріміз жоқ-ау, деп шамалаймын. Қуанышымызда ортақ болатын.

Ал, бізді осындай өнегелілікке тәрбиелеген ұстаздарымыз қандай мейірімді, қамқор, шәкірттерінің жетістіктеріне балаша қуанатын жаны жомарт жандар еді ғой. Сынып жетекшіміз Айнаш Байманова қандай парасатты, сөзіне ісі сай, шәкірттерінің сүйіктісі болды емес пе? Бір оқушы апайымыздың алдын кесіп өтпейтін. Мінезді оқушыларымыздың өздері апай келгенде жуасып сала беретініне қайран қалатынбыз. Ұстаз беделі осындай-ақ болар. Ұстаздарымыз; Шәпеш Нарымбетова, Сахитжан Өтениязов, Жұмамұрат Ербатыров, Сәбит Жалғасбаев, Тәжімбет Есназаров, ағайынды Ақниет, Жәниет Жәдиев, Жарболат Еңсегенов, тағы басқаларының бізді білім алуға жетелеп, үлгілі тәрбие беруде еңбегін сарп еткендерін, жанкешті қызметтерін ерекше бағалаймыз. Ұстаздарымызға қаншалықты мадақтау айтсақ та олардың еңбектерінің өтелмейтінін есейген шақта бағамдап жатқанымыз ерсілеу көрінер, бәлкім. Десек те ұстаздар біздер үшін абзал жандар.

Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының аяғында біздер –сыныптастар мектеп бітіріп, үлкен өмірге тарыдай шашырап, қанат қақтық. Таңдау өзімізде. Роза, Әзи, Марал, Өмірзақ, Назымкүл, Қанжар, Әнес, Жарқынбай және басқалары арман қуып, үлкен қалаларға сапар шегіп, оқу орындарына құжаттарын тапсырып, бағын сынады. Ауылда қалған Толықбол, Базаралы, Айберген, Қалмырза, Нұртуған аудан орталығындағы Қазалы ауыл шаруашылығы техникумының студенттері атанды. Якия, Әбуша, Жеткерген, Балтабай трактор рулыне отырса, Айдынғали мен Аралбай жүргізуші мамандығын игерді. Мариямкүл сатушылық қызметті қолай көрсе, Зейнегүл, Дәмеш, Айжамал, Сақып, Сағира, Қарлығаш, Сәнімкүл, Гүлнәр, Ұрпатша, Айнаш және басқалары шаруашылық жұмыстарына

белсене араласты. Жастық жалынмен еңбек еткен менің құрдастарымның бірі сауыншы, екінші бірі күрішші мамандығын меңгерді. Ауылда қалған аруларымыздың көпшілігі өздерін қалаған жігіттердің жүрегін жаулап, отбасын құрып, бала өсіріп, өзге қатарластарына отбасылық үлгі көрсетті.

Жылдар өте менің сыныптастарым белгілі мамандықтың иесі атанып, өз ортасында, ұжымдарында абыройға бөленді. Мәселен, Әнес Дидаров қызметте сатылап өсіп, шаруашылық директоры қызметіне дейін жоғарылады. Ауылдық округке әкім болып тағайындалды. Осындай ауылдық округ әкімдігін Толықбол Аманов ондаған жылдар атқарды. Қазыбек Аймағанбетов мектеп директоры болып қызмет атқарып, ұрпақ тәрбиесіне қомақты үлес қосты. Озат оқушылар болған Роза Рзағазиева, Шәмшат Ербозова, Тамара Айдосова, Назымкүл Жұмабаева, Әзи Базарбаев ұстаздарының үлгісімен педагог мамандығын таңдап, шәкірттерінің сүйікті ұстаздары атанды. Олар білім берген, тәрбиелеген оқушылары түрлі лауазымды қызметтер атқаруда. Тәжірибелі прораб Қанжар Құдайбергенов Қазалы және Жамбыл облыстарындағы құрылыс объектілерінде айшықты қолтаңбасын қалдырды. Балтабай, Жеткерген, Якия, Әбуша, Нұртуған шаруашылықтың майталман механизаторлары ретінде құрметтелді. Жарқынбай мен Садықтың ауылды жарықтандырудағы еңбегін Қожабақылық тұрғындардың қай-қайсысында ризашылықпен әңгімелейді. Қалмырза ұзақ жылдар Қазалы аграрлық колледжінде кіші мал дәрігері мамандарын даярлады. Базаралы «Рза» АҚ-ның өндірістік шеберханасын басқарды. Озат оқушылардың бірі Ақмарал «Жетес би» емханасында аға мейіркеш болып қызмет атқарып, сырқат жандардың сауығып кетуіне қамқор болды. Айжамал, Дәмеш, Сақып, Сағира бүгінде балалары мен немерелерінің қызығына кенеліп, шат-шадыман өмір сүруде. Бала күнгі досым Өмірзақ Жәдиев мектепте ұстаз, шаруашылықта есепші болып, балаларын өнегелі етіп тәрбиелейді. Сыныбымыздың Қозы Көрпеш, Баяны атанған Аралбай мен Гүлнәр Қызылорда қаласында махаббат сезімдерін суытпай бақытты ғұмыр кешуде. Ерғазы дос та Мирасымен Қызылорда мен Қожабақыдағы балалаларының арасын жол қылудан бір тынар емес. Қарттыққа дес бермеген Жеткербай до-сымыз Қожабақыдағы «Агро-Өркен» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде токарь болып

қызмет атқарып, егін орағын ойдағыдай өткізуге үлес қосып жүр.

Бүгінде сыныптастарымның жетпіс жастың белесінен асқанына үш жылдан асты. Бәрі де ақшашты ата, әже атанып, келін түсіріп, қыздарын ұзатып, балалары мен немере, шөберелерінің қызығын көріп, отбасындағы жақсылыққа қуанып, қайғысында көтеріп жатқан жайы бар. Өмірден озғандары да аз емес. 1969 жылы мектепті 46 оқушы бітірсек, олардың 28 –і өмірден озыпты. Алланың ісіне шарасыздықпен көнеміздағы.

Биылғы жылы екі сыныпта-сымызды Алланың қалауымен мәңгілік мекеніне аттандырдық. Ұзақ жылдар «Аранды» аулында тұрған, Өмірзақ Жәдиев досымыз соңғы жылда балаларының шақыруымен Астана қаласына қоныс аударған-ды. Қатерлі дертке шалдығып, ажалдың құрығынан құтыла алмады. "Аранды" аулындағы әкесі, анасы мен ағалары жатқан қорымға жерленді. Досымыздың қырқында, жүзін де өткіздік. Қимастықпен қоштастық.

Кластас досымыз ауданымызға есімі кеңінен танымал, арда азамат Әнес Дидаровта Өмірзақтың ізімен мәңгілік мекеніне қоныс тепті. Қимастықпен арулап шығарып салдық.

Қос достың көрмеген қызығы жұбайлары: Қалампыр мен Гүлжанға, ұрпақтарына, бауырларына бұйырсын. Арты қуаныш болсын деп тілек айтамыз.

Біз жоғарыда №25 орта мектепті 1969 жылы бітірген мектеп оқушылары жайында әңгімеледік. Олардың түрлі мамандықтың иелері атанып, өз салалары бойынша еңбек еткенін, абыройлы азамат атанғандарын баяндадық. Нақтырағы қатарластарымыздың барлығы да орталарында абыройлы болғандығы. Мұның өзі мектепте алған тәрбиеміздің жемісі ретінде бағалауға болады.

Біздер білім алған мектебіміздің жетістіктерімен әркез мақтанамыз. Құдайға шүкір, мектебімізден талай дарынды шәкірттер тәрбиеленіп шықты. Олардың арасында ғалымдар мен түрлі лауазым иелерінің болғаны мақтаныш сезімдеріне жетелейді.

Біздер мектепте оқып жүргенде Молдабай Қожабаев, Аяп Қартбаев, Іскендір Нағашыбаев ағайлар директорлық қызмет атқарды. Олардың ұстаздық қызметін Аманкелді Есетов жалғастырды. Осы мектепті 31 жыл басқарған Алмас Темірбаев бізден бір жыл кейін бітірген мектеп түлегі болатын. Бұл да біз үшін қуаныш.

Раушанбек СЕЙТЕНОВ

ОРМАН ҚАУІПСІЗДІГІНДЕГІ ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС

2025 жылғы өрт маусымы орман алқаптарын қорғау ісінің тек маусымдық науқан емес, үздіксіз еңбекті талап ететін күрделі процесс екенін тағы бір мәрте көрсетті. Табиғаттың тосын мінезі мен құрғақшылық белең алған кезеңде өрт қауіпсіздігі нақты жоспарға, есепке және инженерлік тәртіпке сүйене отырып қамтамасыз етілді.

Маусым басталар алдында орман ішіндегі өртке қарсы барлық техника мен құрал-жабдықтар дайындыққа келтірілді. Өрттің таралуын тежейтін табиғи қалқан саналатын минералды жолақтарға ерекше мән берілді. Жыл бойы 1095 шақырым минералды жолақтың 1030 шақырымы қайта жаңартылды, ал 65 шақырымы жаңадан салынды. Бұл жұмыстар орман ішінде өрттің жолын кесетін сенімді белдеулердің қалыптасуына ықпал етті.

Қарақұм орманшылығы аумағында орнатылған екі бақылау мұнарасы өрт ошақтарын ерте анықтауға мүмкіндік берді. Биіктен байқалған әлсіз түтіннің өзі үлкен қауіптің алдын алуға жол ашты. Ерте белгі — дер кезінде қабылданған шешімнің бастауы.

Өрт қаупін азайтудың маңызды тетіктерінің бірі — шөптесін өсімдіктерді бақылап өртеу жұмыстары. Осы мақсатта 17 965 гектар аумақ жоспарланып, оның 5 980 гектарында жұмыстар жүргізілді. Бұл шаралар орман ішінде жиналған жанғыш қалдықтарды азайтып, табиғи тепе-теңдікті сақтауға бағытталды.

Өрт маусымы барысында тіркелген оқиғалардың көпшілігі шіріген қамыс пен қопа қалдықтарының жануымен байланысты болды. Алайда инженерлік кедергілермен жедел әрекеттің арқасында өрт ошақтары дер кезінде оқшауланып, ірі көлемдегі залалға жол берілмеді. Заң талаптарын бұзу деректері бойынша тиісті шаралар қабылданып отырды.

Өртке қарсы күресте техника — сенімді тірек. Маусым бойы тракторлар, өрт сөндіру автокөлігі, УАЗ автомашинасы, мотопомпалар мен қол құралдары тұрақты дайындықта тұрды. Жанар-жағармай қоры жеткілікті көлемде жасақталып, төтенше жағдайда жұмыстың үздіксіз жүргізілуіне жағдай жасалды. Байланыс құралдарының тұрақты жұмысы күштер мен құралдардың үйлесімді әрекет етуін қамтамасыз етті.

Орман — адамнан да сабырлы, бірақ немқұрайдылықты кешірмейтін тірі әлем. Оны қорғау үшін айғай емес, дәл есеп, жүйелі еңбек және ортақ жауапкершілік қажет. Биылғы өрт маусымы осыны тағы бір дәлелдеді. Орманды сақтау — бүгінгі міндет қана емес, ертеңгі ұрпаққа аманат.

Асқар ТҰЯКБАЕВ,
Қазалы орман және
жануарлар дүниесін қорғау
мемлекеттік
КММ мекемесінің орман қорғау,
күзету бас инженері

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САНА – ҚОҒАМ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

Қазіргі қоғам — өзара сенімге, әділдікке және жауапкершілікке негізделуі тиіс күрделі әлеуметтік жүйе. Бұл жүйенің тұрақты дамуы әр азаматтың құқыққа құрметімен, адал және адамгершілік қ ұ н д ы л ы қ т а р д ы сақтауымен тікелей байланысты. Қоғамның берік іргетасы — отбасы екені белгілі, ал сол отбасының тұтастығы мен тәрбиелік әлеуеті мемлекеттің болашағын айқындайды. Отбасының ұйытқысы — әйел, ана. Анадан алған тәлім мен тәрбие баланың өмірлік ұстанымын, азаматтық позициясын қалыптастырады.

Бүгінгі таңда қоғамның дамуына елеулі кедергі келтіріп отырған ең өзекті мәселелердің бірі — сыбайлас жемқорлық. Бұл құбылыс заң үстемдігін әлсіретіп қана қоймай, әлеуметтік әділдікке нұқсан келтіреді, адал

еңбек пен таза бәсекенің қадірін кетіреді. Сыбайлас жемқорлықтың салдарынан қоғамда сенімсіздік орнап, мемлекеттік институттарға деген халықтың көзқарасы әлсірейді, ал бұл өз кезегінде ел дамуына кері әсерін тигізеді.

С ы б а й л а с жемқорлықпен күрес — тек құқық қорғау органдарының не-месе мемлекеттік құрылымдардың ғана міндеті емес. Бұл — бүкіл қоғамға ортақ жауапкершілік. Осы жолда отбасының, әсіресе ананың рөлі ерекше. Себебі, адалдық, әділдік, ар-ождан, заңға құрмет сияқты негізгі құндылықтар адам бойына ең алдымен отбасында сіңеді. Ана баласына «жолды қысқартатын амал-мен емес, білім мен еңбек арқылы жетістікке жет» деген қағиданы үйрете алса, болашақта саналы, жауапты әрі әділ азамат қалыптасады.

Әйел — тек отбасының ғана емес, тұтас қоғамның рухани тірегі.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қоғамдық санада қалыптасуы тиіс. Ол ашықтықты, әділдікті, өзара бақылауды және азаматтық белсенділікті талап етеді. Әрбір адам өз ісінде адал болып, заң талаптарын сақтағанда ғана бұл індетке қарсы нақты тосқауыл қойылады. Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік — дамыған әрі әділетті қоғамның басты белгілерінің бірі.

Қортындылай келе, әділ қоғам — адал отбасынан, ал адал отбасы — саналы анадан басталады. Сыбайлас жемқорлықсыз, таза әрі сенімді қоғам құру — бүгінгі буынның ғана емес, келер ұрпақтың да алдындағы ортақ міндеті.

Қайрақбай
ЖАҚСЫБАЙҰЛЫ,
Қазалы қаласының
әкімі

БІРЛІГІ БЕКЕМ ЖАМАҒАТ

Аудандық орталық «Жанқожа батыр» мешітінде «Бірлігі бекем жамағат» атты тақырыпта рухани бас қосу жиыны өтті. Құптан намазынан кейін мәдени іс шараны мешіттің бас имамы Нұрдаулет Асқарұлы дін әдебіне сәйкес көпшілікпен амандасып ашты.

-Бүгінгі жағымды жаңалығымыз қарила орталығынан тағы бір қари шықты. Қасиетті құранды 14 айда толық жаттап, білікті ұстазына емтихан тапсырудан сүрінбей өтті. Қ.Сәтбаев атындағы №216 мектептің 10 сыны-

бында оқып жүр. Көршілес «Төретам» кентінің тумасы, жас қари Байбатшаев Асқар Қуанышұлы Алланың кәламына беріле отырып шынайы ынтасымен жаттағандығы біздерді сүйсінтіп отыр.

Әлі де медресемізден қари шығатынына сенімдіміз. Шәкіртіміз 16 жасар Асқарға ақ жол тілейміз. Адағы уақытта ізденіп, діни білімін дамыта береді деп үміттенеміз,- деп бас имам сөзін түйіндеді.

Жас қаридың әкесі Қуаныш есімді азамат баласының ұстаздарына, имамдарға ризашылығын

білдіріп, алғысын айтты.

Медресе директоры Кенжебай Берінбайұлы «Жақсылық жасаудың маңыздылығы» жайында уағызын жеткізді.

Мешіт асханасында кең дастархан жайылып, жамағаттармен дін жаныашырларына, медресе шәкірттеріне ас берілді.

Бақилық болғандардың рухына құран бағышталып, 75 жастағы Дәріжан қария батасын берді.

Алмат ІДІРІСОВ,
Аудандық орталық
«Жанқожа батыр»
мешітінің
азаншысы,
Әйтеке би кенті

● Хабарландыру

2025 жылдың 23 желтоқсан күні сағат 17:00-де Қазалы аудандық мәслихатының кезектен тыс XLIX (49) сессиясы шақырылады және сағат 15:00-де аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы өткізіледі.

Сессияның күн тәртібінде 2026-2028 жылдарға арналған аудандық маңызы бар қала, кент, ауылдық округ бюджеттері туралы мәселе қаралады.

Қазалы аудандық
мәслихатының аппараты

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компью-термен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспаханың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11277 дана.